

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Ақтау қ.

26 қазан 2016 жыл

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесе жүзеге асыратын бастама шегінде, Ақтау қаласында өңірлік компаниялардың меншік иелері мен жетекшілігінің қор нарығының сарапшыларымен кездесуі болып өтті.

Бизнесті дамыту барысында компания иелері, кәсіпорындарды модернизациялауға, өнімділік пен тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін, қосымша қаржылар тарту қажеттілігіне тап болады. Алайда қазіргі экономикалық жағдайда қаржыландырудың дәстүрлі амалдары болып табылатын, банктік несиелендіру, бизнесмендерге қолайлы бола бермейді. Оған альтернатива ретінде қор нарығын қарастыруға болады: қазіргі уақытта инвесторлар кіші және орта бизнес кәсіпорындары арасынан жаңа болашағы бар эмитенттердің пайда болуына мүдделі, ал компаниялар, бағалы қағаздар нарығына шыққанда, өз кезегінде инвесторлардың кең ауқымды шеңберіне және қосымша капиталға қол жеткізуге, сондай-ақ өз бизнесін сапалы жаңа, масштабты деңгейде шығаруға мүмкіндік алады..

Инвестициялық, аудиторлық және заңгерлік компаниялардың арасынан шыққан серіктестерімен Қазақстан қор биржасы Қазақстанның түрлі қалаларында кәсіпкерлер, компаниялардың жетекшілері мен қаржылық менеджерлері үшін кеңес берулер өткізеді, осы кездесулер барысында жергілікті бизнесмендер қор нарығы арқылы қосымша қаржыландыру тарту мүмкіндіктері туралы құнды ақпараттар алады.

"Биржада инвестициялар тарудың артықшылықтарының бірі – салыстырмалы арзан капитал алу мүмкіндігі, бірақ тек осы ғана емес. Қор нарығына шығу компанияның беделін де өсіріп, серіктестер мен клиенттер үшін жағымды имиджін қалыптастырады, себебі биржадағы листинг бизнестің тиімділігі мен айқындығының белгісі болып табылады, сондай-ақ, әлеуетті серіктестер мен инвесторлар үшін компанияның қаржылық ақпараттарына және оның нарықтық бағалауына рұқсаттама береді", – деді өз сөзінде "Қазақстан қор биржасы" АҚ Эмитенттермен және инвесторлармен жұмыс жүргізу бөлімінің бастығы Аслан Қалиғазин.

Үстіміздегі жылы KASE өңірлік бизнес-қауымдастықтың өкілдерімен бірқатар кездесулер өткізді және кіші және орта бизнеске қор нарығында қаржыландыру тарту сұрақтары бойынша кеңес берушіліктерді әрі қарай жалғастыруды жоспарлап отыр.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)